

**№44 ауысымдық (кешкі) ЖББМ
№11 педагогикалық кеңес отырысының
хаттамасынан үзінді**

14.06.2024 жыл

Қатысқандар: 14 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылы бойынша мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директоры Г. Гумарова сөз сөйледі, "Ақтөбе қаласының №44 ауысымдық (кешкі) жалпы білім беретін мектеп" КММ-сі Ақтөбе облысының білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімімен 2024 жылғы 6-13 маусым аралығында мемлекеттік аттестаттаудан өтті. Мемлекеттік аттестаттау кезінде қызметті бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау материалдарына, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Анықталған кемшіліктер:

- Комиссияның мемлекеттік аттестаттау шешімімен 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдары бойынша «Kundelik.kz» электрондық журналының мектеп сайтына орналастырылмағаны;
- "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" ҚР Білім Министрінің 03.08.2022 ж. №348 бұйрығын орындауда 3-қосымша, 2-тарау, 38-тармақ, 4-тарау, 56-тармақ, 4-қосымша, 4-тарау, 50-тармақтары бойынша міндетті болып табылатын 7-9 кластарда (15 сағат), 7-11 кластарда (12 сағат), «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және 5-8 кластарда "Жолда жүру ережелері" қосымша білім беру бағдарламаларының (10 сағат) тәрбие сағаттарында өткізілгенімен, электрондық журналы бойынша қосымша білім беру бөлімі ашылмағандығы;
- "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022.11.24 №473 бұйрығын орындауда 18-тармағы Санитариялық қағидаларына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы негізінде оқу ғимаратында білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болмауы, 6-тармағы білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайында оқу зертханаларының, оқу-пәндік кабинеттерінің (физика, химия, биология) болмауы;

Жоғарыда аталған кемшіліктер бойынша стандарт талаптарына сәйкес келмегендіктен білім беру ұйымы «аттестатталмады».

ҰСЫНЫС:

Жоғарыда аталған кемшіліктерді 5 жұмыс күні ішінде нақты мерзімдерді көрсете отырып, ескертулер мен бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу.

Педагогикалық кеңес отырысының шешімі:

1. Мектеп әкімшілігі мектеп сайтына Kundelik электрондық журналының сілтемесін орналастыру жұмыстарын жүргізу.
 - тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Б Есенбаеваға мектеп сайтына бекітілген ЖЖЕ және ӨҚН-рі бойынша білім беру бағдарламасын орналастыру.
 - "Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022.11.24 №473 бұйрығын орындауда 18-тармағы Санитариялық қағидаларына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті органның санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы негізінде оқу ғимаратында білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болмауы, 6-тармағы білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағдайында оқу зертханаларының, оқу-пәндік кабинеттері (физика, химия, биология) ашу бойынша белсенді жұмыс жүргізілсін.
2. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары К. Б. Есенбаеваға Жолда Жүру Ережесі және Өмір Қауіпсіздік Негіздері бойынша тиісті бақылаудың болмауына байланысты «ауызша» ескерту берілсін.

Хатшы:



Г.Балгазина